**Автор**: Дынбаева Салтанат Ивановна
**Пән**: Жаратылыстану
**Сынып**: 1-сынып
**Бөлім**: Өсімдіктер
**Тақырып**: Өсімдіктердің тіршілігіне не қажет?

---

| | |
|---|---|
| Оқу мақсаттары (оқу бағдарламасына сілтемеу): | 1.2.1.4 өсімдіктердің тіршілігіне қажетті жағдайларды зерттеу |
| Сабақтың мақсаты: | жабайы және мәдени өсімдіктерді ажырату, айырмашылығын білу |
| Тілдік мақсаттар: | өсімдіктердің атауын білу, түрлерін ажырату |
| Күтілетін нәтиже: | өсімдік түрлерін ажырату |

## Сабақ барысы

| **Сабақ кезеңдері** | **Жоспарланған іс-әрекет** | **Ресурстар** |
|---|---|---|
| Сабақтың басы (5-7 мин) | Сергіту жаттығуы<br>«Мен ақылды баламын»<br>әр бала өздерінің жақсы қасиеттерін атап, қалай өсіп келе жатқандарын айтады.<br>Мыс: Мен Балнұр, балдай тәтті үйдің еркесімін. Мен Мақсат, барлығынан біліміммен барлығынан асып түссем деймін т.б.<br>«Бір сөзбен» әдісі<br>Жаңа топ құру. Себетпен конфет арқылы бөлу.<br>Конфеттің түрлеріне қарай 3 топқа бөлініп отырады. | түрлі түсті кәмпиттер |
| Сабақтың ортасы (20 мин) | Кіріспе<br>Өсімдіктер жайлы видео қарау<br>Кіріспе тапсырма.<br>2. Оқулықтағы өсімдік бөліктерін қарап атау.<br>Оларды суретпен сәйкестендіру.<br>Қорытынды: Өсімдіктер әртүрлі бөліктерден тұрады. Әр бөлік маңызды қызмет атқарады. Сұрақ: Егер өсімдіктің сабағы мен тамыры болмаса не болар еді?<br>тапсырмалар<br>1 топ- дайын суретке өсімдік бөліктерінің атауын жазу<br>2топ- Мозайка<br>3 топ өсімдіктерді бөліктерімен сәйкестендір<br>жұмыстарын сөйлеп қорғау<br>ҚБ «Үш шапалақ» стратегиясы.<br>Әр топтың жауабына үш рет шапалақ ұрумен қолдау көрсетіліп отырылады.<br>сергіту сәті<br>Тербеледі ағаштар<br>6. Суретегі жемістерді атап көрсету. Қарбыз, бұршақ, шие, алма.<br>Зерттеу жұмысы.<br>Мақта ылғалданатындай, бірақ тұқымдардың бетін жаппайтындай етіп, аздап су құямыз. Тұқымды жылы жерге қоямыз. Тұқымдардың өнуіне ылғал қажет, сондықтан олар ылғалды мақтада өнеді. Егер мақта құрғақ болса, тұқым өне алмайды. Егер тұқымды суға батырып қойса, олар өнбейді, себебі тыныс алуға қажетті оттек жетіспей қалады. | суреттер, мозайка<br>видео |
| Сабақтың соңы (5-7) | - Өсімдік бөліктерін ата.<br>Оқушылар кеспе суреттер бойынша өсімдікті құрастырып жапсырады.<br>Өсімдік бөліктерін атайды. | суреттер |

| Сабаққезеңдері | Жоспарланған іс-әрекет | Ресурстар |
| --- | --- | --- |
| Рефлексия<br>(7 мин) | Алма ағашы арқылы | |